

## "Тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндettі талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандығы № 141 бұйрығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрінің 2020 жылғы 15 шілдедегі № 148-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 16 шілдеде № 20977 болып тіркелді

### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндettі талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 26 ақпандығы № 141 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10695 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 22 сәуірде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын міндettі талаптарда:

5-тармақ мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"13) монополияға қарсы органды нақты уақыт режимінде тауар биржасының электрондық сауда жүйесіне қашықтан кіру арқылы қамтамасыз етуі тиіс.";

14-тармақтың 4) және 5) тармақшақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қашықтан қол жеткізу режимінде жұмыс істеген кезде биржа сауда-саттыққа қашықтағы қатысушыларды және монополияға қарсы органның лауазымды адамдарын қосу үшін порттардың қажетті санын қамтамасыз етеді;

5) тауар биржасының уәкілетті органы (Директорлар кеңесі немесе Басқармасы) тауар биржасының электрондық сауда жүйесіне қосылған және онда сауда-саттыққа қатысушылар мен монополияға қарсы органның лауазымды адамдары қашықтықтан қол жеткізу режимінде жұмыс істеген кезде шарттарды, талаптар мен техникалық сипаттамаларды айқындастын нормативтік құжатты бекітеді;".

2. Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Ішкі сауда департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында

көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
сауда және интеграция министрі*

*Б. Сұлтанов*

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК